

Қамидолла Е.Б.,
Салқынбаев М.Б.

**Аббас әулеті тұсындағы
түркі мәмлүктерінің пайда
болуының тарихи
алғышарттары**

Мақалада Аббасилер халифатында түркі мәмлүктерінің Таяу Шығысқа келу тарихы қарастырылады. Көптеген зерттеушілер мәмлүктер жайлы алғашқы мәліметтерді орта ғасырларда, IX ғасыр, Аббаси халифатындағы болған саяси жағдайлармен байланыстырады. Аббасилер әулеті билігінің соңғы заманынан бастап қыпшақ мәмлүктері Мысыр жеріне келе бастайды. Олар Мысыр мен Шам елінің негізгі әскери құрылымына айналып, аймақтағы мұсылман мемлекеттерінің саяси өміріне ықпал ете бастап, ақырында әскери және саяси жүйедегі басты күшке айналады.

Түйін сөздер: Аббасилер әулеті, халиф, түркілер, мәмлүктер.

Kamidolla E.B.,
Salkynbaev M.B.

**Historical prerequisites of
appearance of Turkic Mamelukes
in the Abbasid caliphate**

In this article was considered the history of appearance of Turkic Mamelukes in the Middle East and in particular in the Abbasid caliphate. Many researchers think that the first appearance of Turkic Mamelukes was in the IX century and is connected with political events in the Abbasid caliphate. By the end of the power of the Abbasid caliphate Turkic Mamelukes began to appear in lands of the Middle East. They turned into the main military force of Egypt and Syria, and had direct influence on political life of the countries of this territory. Over time Mamelukes turned into the main military and political force of this region.

Key words: Abbasid, Caliph, Turkic peoples, Mamelukes.

Қамидолла Е.Б.,
Салқынбаев М.Б.

**Исторические предпосылки
появления тюркских мамлюков
в Аббасидском халифате**

В данной статье рассматривается история появления тюркских мамлюков на Ближнем Востоке и, в частности, в Аббасидском халифате. Многие исследователи считают, что первое появление тюркских мамлюков было в IX веке и связано с политическими событиями в Аббасидском халифате. К концу власти Аббасидского халифата тюркские мамлюки стали появляться на землях Ближнего Востока. Они превратились в основную военную силу Египта и Сирии и имели прямое влияние на политическую жизнь стран этой территории. Со временем мамлюки превратились в главную военную и политическую силу данного региона.

Ключевые слова: аббасиды, халиф, тюрки, мамлюки.

**АББАС ӘУЛЕТІ
ТҰСЫНДАҒЫ
ТҮРКІ МӘМЛҮКТЕРІНІҢ
ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ
ТАРИХИ
АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Аббас әулеті билігінің соңғы заманынан бастап қыпшақ мәмлүктері Мысыр жеріне келе бастайды. Олар Мысыр мен Шам елінің негізгі әскери құрылымына айналып, аймақтағы мұсылман мемлекеттерінің саяси өміріне ықпал ете бастап, ақырында әскери және саяси жүйедегі басты күшке айналады.

Мәмлүктер кейіннен мұсылман мемлекеттерінің басты әскери күшіне айналады. Уақыт өте келе, тіпті, дербес мәмлүк мемлекетін құруға дейін жетті. Ортағасырлық араб әдебиеттерінде түркілердің дала, қала және қамал тұрғындары болғандығы жайлы мәліметтер бар [1].

Араб елдерінде алғаш мәмлүктердің пайда болуы жайлы әр түрлі ойлар бар. Көптеген зерттеушілер мәмлүктер жайлы алғашқы мәліметтерді ортағасырда, IX ғасыр, Аббаси халифатындағы болған саяси жағдайлармен байланыстырады. Халифа әл-Мамун өзінің мұрагері ретінде Мысыр билеушісі әл-Му'тасимді тағайындады. ал-Ма'мун бауырына қаламға қатысты саясатын жалғастыруды аманат етті. Жаңа халифа әл-Му'тасимге (833-842) одан басқа әскерді қайта жасақтау мәселелерін шешуге тура келді. Ерте мұсылман әскері жаулап алушылық қасиетті соғыс нәтижесінде қолға түскен табысты бөлу нәтижесінде күн көрді. Бұл соғыстар аяқталғаннан кейін тұрақты ақылы әскерді жасақтау қажет болды (тайпалық немесе діни парыздарға негізделмеген).

Сонымен бірге сарайдағы хорасан гвардиясы өзінің күшін ұлғайтты. Олардың астанадағы билігіне қарсы тұру үшін әл-Му'тасим түркілер мен дайламиттердің көмегіне жүгінді (Каспий теңізінің оңтүстік-батысындағы Дайлам таулы аймағының тұрғындары). Ол оның алдындағы халиф ізімен жүрді: әл-Ма'мун кезінде саны төрт мыңға жететін түркілерден құралған арнайы халифа гвардиясы болды. Әскердің негізі Мауераннахрда Амударияның арғы жағындағы көшпенділермен соғыс кезіндегі ұсталған тұтқындардан жасақталды. Олардың жартысын халифке жыл сайын берілетін алым-салық ретінде жіберсе, екінші жағынан Орта Азия мен Иранда құл базарларында сатылды. Құлдар арасында Солтүстік Африка мен Шығыс Еуропада тұтқындалғандар да болды [2].

Ортағасырлық араб жазба деректері бойынша, мәмлүктер алғашқы кезеңде Орталық Азиядан, яғни түркі мәмлүкте-

рін алудың негізгі көзі болып «Мауераннахр» аймағы аталады. Мәмлүктерді әкелудің негізгі жолдары ретінде араб жазба деректері келтіреді:

құл базарларында сатып алу;
соғыстарда тұтқынға түсіру;

Халифат құрамына кірген Орталық Азия мемлекеттері билеушілерінің халифке сыйлық ретінде ақ құлдарды, яғни мәмлүктерді жіберуі.

Әл-Му'тасим халифа билігі кезінде түркі әскерлерінің мемлекеттегі саяси-әскери рөлі ұлғая береді, сан жағынан басымдылыққа ие бола бастайды. Уәзір низам әл-Мулк «Басқару жайлы кітабында» әл-Му'тасим қолында 70 мың гулям болған деп жазады [3].

Түркі әскерлерінің жоғары дәрежеге көтерілуіне байланысты алдындағы хорасандық әскерлер ақырындап өзінің күшін жойып, кейін толығымен халифа әскерінен жоғалды. Британдық шығыстанушы К.Э. Босворт түркі әскерлерінің жоғары дәрежеге көтерілуі жайлы: «Ертедегі Аббасилер хорасан әскерлеріне сүйенді..., әл-Ма'мун кезінде бауыры әл-Аминге қарсы халифатқа күрес кезінде әскердің негізгі күшіне айналды. Алайда бұл парсы жасақтары өзіндік қызығушылықтары мен мақсаттарын көздей бастады. Өзінің иесіне келіп, жергілікті байланыстары жоқ, мұсылман емес елдерден әкелінген әскерге қажеттілік пайда болды. Халифа әл-Му'тасим осындай әскер жасақтарын түркі гулямдарынан іздеді»[4].

Аббасилер халифасы әл-Му'тасимді түркі текті әскерді тірек ретінде алғаш пайдаланған халифа деп айтуға болады. Түркілердің айрықша жауынгерлік қабілеттерін таныған әл-Му'тасим оларды көбейтуге үлкен күш салып, өзінің әскери күшінің негізіне мәмлүк жасақтарын айналдырады. Әрдайым мәмлүктердің санын көбейту, оларды сатып алып жасақтайды. Әл-Му'тасим оларды жоғары әскери мансаптарға тағайындап, атқарған қызметі үшін «икта» - жерлерді бөліп беріп отырды. Мәмлүктер уақыт өте келе халифаттың саяси өміріне кеңінен араласа бастады.

Түркі әскерлер жасақтарын құру мен кеңінен қолдануды жоғарыда айтқандай халифа әл-Му'тасиммен байланыстырады. Әл-Му'тасим әскерінің негізі әл-Ма'мун кезінде құрылған болар. Әл-Му'тасимнің түркі әскері жайлы алғашқы хабарлардың бірі хиджра бойынша 202 жылға (817-818) саяды: әл-Ма'мунге қарсы шыққан топтарға, Бағдад жерлеріне наразылықтарды басып тастауға жібереді [5]. Өзінің жаулап алушылық және басқа да әскери мақсаттарын жүзеге асыру үшін 835 жылы әл-Му'тасим түркі

тектес әскербасы әл-Афшинді халиф әскерінің басшысы етіп тағайындайды. Афшиннің әскери қабілеттері Әл-Ма'мун халифаның кезінде де танылған.

Ортағасырлық тарихшы, ғалым Абу Джа'фар бну Джарир ат-Табари 835 жылы әл-Мустасимге Сул Ар-текин (немесе Тегин) деген билеуші өзінің қызметшілерімен бірге әкелінді дейді [6]. Кейін 839 жылы ол Дамаскінің әскербасы ретінде көрсетіледі. [7] Түркі әскербасыларының халиф әскерінде ертеден қызмет етті. Хаммад ат-Турки әл-Мансур халифаның (754-775) әскербасы, Мубарак ат-Турки әл-Махдиде (775-785) қызмет етті және т.б. әл-Му'тасимнің таққа отырғанынан бастап, түркі әскерлері халифаға ең жақын әскери күш ретінде таныла бастады, әсіресе, бұрынғы әскердің жартысы әл-Ма'мунның ұлы Аббастың жасаған астыртын әрекетін қолдағаннан кейін байқалды. Әл-Му'тасим онымен қоймай, түркі әскерлерімен Самара қаласына көшіп, сол жерде жаңа астананы құрмақ болады [8]. Елдегі түркі әскерлерінің күшеюмен бірге әскербасылардың да билігі ұлғаяды. Әл-Му'тасимнің өзі Абу Джафар Ашинас/Ашнас әскербасын Махдиге қарсы ерліктері үшін марапаттады [9].

Аббаси халифатының орталығына түркі мәмлүктерінің келуі жайлы араб жазба деректерінде әр түрлі мәліметтер бар. Олардың негізі бойынша түркілердің күш-қуаты, соғды өнеріне бейімділік сияқты ерекше қасиеттерге ие болғанын байқаймыз. Жоғарыда аталған Самара қаласы кейде арнайы түркі мәмлүктеріне жасақталған қала ретінде көрсетіледі, әсіресе, әл-Му'тасимнің Бағдадқа көл және шөл арқылы қажет жағдайда келе алуы үшін Бағдадтан тыс жерге қоныс қажеттілігінен туындады.

Ендігі кезекте, әрдайым беделі, күш-қуаты мен саны артып келген түркі мәмлүктері мемлекеттік істерге кеңінен араласа бастайды. Әл-Мутауаккил (847-861) халифа мәмлүктер қолынан өлгеннен кейін араб деректері бойынша, халифтер мен мемлекеттердің тағдырын шешіп отырды [10]. Тіпті, Аббаси халифатын толығымен биледі деген мәліметтер де бар. Бұған қатысты ат-Табариде келесідей мәліметті кездестіреміз: «Олар мұсылмандардан сұрамай, дінді елемей таққа қалағандарын қойып, ұнатпағандарын тақтан тайдырды» [11]. Бұл кезде саяси-әскери істерде түркі мәмлүктері әл-Афшин, Ашнас, Итах, Уасиф және т.б. елеулі жетістіктерге жетеді (Итахқа Самарқанд пен Синд жерлерінің берілгені жайлы мәлімет бар және кейін Хорасанда тахиридтер әулеті орнайды). Аббасилер халифатына адал қызмет етіп, әр түр-

лі аймақтарда болып жатқан көтерілістер мен Византияға қарсы соғыстарға қатысты. Кейіннен саяси алаңға түркі мұсылман әулеттері Мысырдағы Тулундар (868-905) мен Ихшидидтер (935-969), Хорасандағы Газневидтер (977-1186), Орта Азиядағы Қарахандар (992-1211), түркі-селжұктар шықты.

Тулундар әулеті 868-905 ж. аралығында Мысырда билік етіп, түркі тектес мәмлүктерді мемлекеттік және әскери істерде пайдаланғаны белгілі. Мемлекеттің негізін қалаушы Ахмад ибн Тулун түркілік, әкесі Тулун Аббасилер халифасы әл-Ма'мунға Мауераннахр елінің билеушісі сыйлық етіп жіберген. Осы жайлы В. Бартольд «Тюрки. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии» еңбегінде: «Тугузугузы/тоғыз оғыздар мұсылман аймақтарына

тұтқынға түсіп отырды; Мысырдағы Тулундар әулетінің негізін қалаушы Ахмад ибн Тулунның әкесі Тулун тоғыз оғыздардан шыққан» деп жазады [12].

Аббасилер әулетінің халифасы әл-Му'тамид (870-877) Ахмад ибн Тулунды Мысыр еліне билеуші етіп тағайындады. Айта кететін жайт, бұл кезеңде халифаттың ақырындап құлдырай бастау кезі, сонымен бірге бірнеше орталықтан тәуелсіз жеке әулеттер билігінің орнауымен айқындалады. Ахмад ибн Тулун да Мысырдағы билігін орталықтан тәуелсіз етуді көздеп, билігін күшейту үшін түркі мәмлүктерінің санын көбейтіп жиырма төрт мыңға дейін жеткізеді. Мысыр билеушілері мен жалпы әскерлер осы кезден бастап түркі тектес мәмлүктерден ғана құрыла бастайды.

Әдебиеттер

- 1 Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннее средневековье: аль марвази.
- 2 Фильштинский И.М. Арабы и халифат.
- 3 Ариф Алиев, Иран против Ирака: история и современность
- 4 Islamic Civilization, 950-1150 (Papers on Islamic history) перевод в сборнике Мусульманский мир. 950-1150. В.В.Наумкин, М.Б.Пиотровский
- 5 ат-Табари III 1017 немесе VIII 558
- 6 ат-Табари «Тариху умам уа аль-мулук» III, 1194 бет немесе IX 28 бет
- 7 ат-Табари «Тариху умам уа аль-мулук» III, 1314 немесе IX 111
- 8 ат-Табари III 1179-1181
- 9 ат табари III 1302 немесе IX 103
- 10 Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннем средневековье. – С.17.
- 11 ат-Табари, III, 1510
- 12 Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии. – С. 18.
- 13 Зеленеv Е.И. Мусульманский Египет. – СПб., 2007.
- 14 Закиров С. Дипломатическое отношение Золотой Орды с Египтом.
- 15 Семенова Л.А. Салах ад-Дин и мамлюки в Египте
- 16 Robert I. The Middle East in the Middle Ages: The Early Mamluk Sultanate 1250-1382
- 17 История Востока: в 6 т. Т. 2: Восток в средние века. – М., 2009. Гл. 5.
- 18 Фильштинский И.М. История арабов и Халифата (750–1517). – М., 2006. Гл. 14.

References

- 1 Asadov F.M. Arabskie istochniki o tjurkah v ranee srednevekov'e: al' marvazi.
- 2 Fil'shtinskij I.M. Araby i halifat.
- 3 Arif Aliev, Iran protiv Iraka: istorija i sovremennost'
- 4 Islamic Civilization, 950-1150 (Papers on Islamic history) perevod v sbornike Musul'manskij mir. 950-1150. V.V.Naumkin, M.B.Piotrovskij
- 5 at-Tabari III 1017 nemese VIII 558
- 6 at-Tabari «Tarihu umam ua al'-muluk» III, 1194 bet nemese IX 28 bet
- 7 at-Tabari «Tarihu umam ua al'-muluk» III, 1314 nemese IX 111
- 8 at-Tabari III 1179-1181
- 9 at tabari III 1302 nemese IX 103
- 10 Asadov F.M. Arabskie istochniki o tjurkah v rannem srednevekov'e. – S.17.
- 11 at-Tabari, III, 1510
- 12 Bartol'd V.V. Tjurki. Dvenadcat' lekcij po istorii tjurkskih narodov Srednej Azii. – S. 18.
- 13 Zelenev E.I. Musul'manskij Egipet. – SPb., 2007.
- 14 Zakirov S. Diplomaticheskoe otnoshenie Zolotoj Ordy s Egiptom.
- 15 Semenova L.A. Salah ad-Din i mamljuki v Egipte
- 16 Robert I. The Middle East in the Middle Ages: The Early Mamluk Sultanate 1250-1382
- 17 Istoriya Vostoka: v 6 t. T. 2: Vostok v srednie veka. – M., 2009. Gl. 5.
- 18 Fil'shtinskij I.M. Istoriya arabov i Halifata (750–1517). – M., 2006. Gl. 14.